

«6D050100 – Әлеуметтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Несішқалиев Даурен Еренғалиевичтің «Студент жастардың саяси әлеуметтенуі: ірі қала жағдайындағы салыстырмалы талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

**СЫН-ШҚІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттарымен тығыз байланысты - Атап айтқанда, әлеуметтік және гуманитарлық саладағы зерттеу бойынша 7.1.5 Мемлекеттік басқарудың өзекті мәселелерін зерттеу, мемлекеттің, қоғамның, экономиканың дамуын, саяси трансформацияны құқықтық қамтамасыз ету бағытына сәйкес. Мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: «Қазақстан-2050» Стратегиясы, «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауының негізгі ережелеріне және өзге де нормативтік құжаттармен өзара байланысты. Диссертация сауалнама және фокус-топ әдістерін қолдану арқылы автордың өзі жүргізген эмпирикалық зерттеулер негізінде жазылған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертанттың зерттеу жұмысында жасалған тұжырымдар қазақстандық әлеуметтік және саяси ғылымның дамуына өз үлесін қосатыны айқын. Жаһанданумен, урбанизациямен және технологиялық өзгерістермен сипатталатын қазіргі заман талаптарына жауап беретін саяси әлеуметтенуші әлеуметтік жаңғырту мен экономикалық дамудың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу мүмкін емес. Қазіргі жағдайда цифрлық ұрпақтың қажеттіліктері

			<p>мен дүниетанымына сәйкес жастардың саяси мінез-құлқын бағыттаптын жаңа институционалдық нормалар мен құндылықтарды қалыптастыру қажеттілігі туындап отыр. Бұл жағдай студенттік жастардың саяси әлеуметтену тенденцияларын зерттеу және осы үдерістегі университеттердің рөлін модельдеу арқылы күрделі саяси құбылыстарды болжауға мүмкіндік береді. Осы орайда Несипкалиев Даурен Еренгалиевичтің «Студент жастардың саяси әлеуметтенуі: ірі қала жағдайындағы салыстырмалы талдау» тақырыбындағы ғылыми зерттеу тұтынушылық қоғамда өмір сүретін және бүгінгі интернет, әлеуметтік медиа және цифрлық технологияға бағытталған жастардың саяси көзқарастарына жанаша көзқарас береді. Саяси әлеуметтенудің дәстүрлі агенттерінің ықпалы ғылымда біршама терең зерттелгенімен, қазіргі таңдағы қазақстандық жастардың қоғамда болып жатқан саяси процестерге қатысуы виртуалды өмірмен тығыз байланысты әлемдік тенденциялармен салыстыра қарастырылады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған</p>	<p>Диссертациялық жұмысты өзі жазу қағидаты жоғары деп бағалауға болады. Зерттеу жұмысы дербес орындалған және өзекті тақырыпты қозғаған. Ізденушінің осы жұмысы отандық әлеуметтану, саясаттану ғылымдарына және Қазақстанның осы саладағы мемлекеттік саясатын дамытуға қосатын үлесі зор деп толығымен бағалауға болады.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u>; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Жұмыстың өзектілігі мен маңыздылығы қоғамда оң әлеуметтік өзгерістер туғызуда, адам құқықтары мен демократиялық құндылықтар үшін күресте студенттер маңызды рөл атқаратын күш болып табылады. Бүгінгі студенттер дамыған интернет-технологиялар жүйесімен өскені белгілі, бірақ сонымен бірге ақпараттық қоғамда адамдар әдетте саяси ақпаратпен шамадан тыс жүктеледі. Оларға әртүрлі саяси деректер мен әртүрлі ақпаратты түсіну қиын, сондықтан олар дәрменсіздікке, немқұрайлыққа бейім екендігі туралы тұжырымдама жан-жақты ашылады. Бұл процесте жетекші университеттердің рөлі анықталады. Жас буын студенттер саясатты түсініп, оған назар аударған кезде ғана, олар саналы түрде қызығушылық таныта бастайтыны туралы тұжырымдама ұсынылады.</p>
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	<p>Қазақстанда урбанизация дамушы әлемнің қалған бөлігіндегідей енді ғана басталғанын және урбанизацияның жеделдетілген процесі қазіргі уақытта қоғамның барлық ішкі жүйелерінде, оның ішінде саяси саладағы проблемалармен қатар жүретіні атап өтіледі. Диссертация мәніні саяси әлеуметтенудің маңыздылығын, әсіресе қазіргі әлеуметтік-саяси өзгерістер мен сын-қатерлер контекстінде талқылайды. Саяси әлеуметтену - бұл адамдардың саясат пен саяси қатысуға байланысты білім, құндылықтар, дағдылар мен сенімдерді меңгеру процесі. Ол саяси процестерге ықпал ете алатын, қоғам дамуына қатыса алатын белсенді және хабардар азаматтарды қалыптастыруда</p>

	<p>маңызды рөл атқарады. Саяси әлеуметтенудің маңыздылығына қарамастан, диссертация мазмұны қазіргі қоғамда бұл үдерісті әлсірететін факторлардың бар екендігі де баса айтылған. Осы факторлардың бірі – саясатқа деген теріс көзқарас, сондай-ақ саяси институттар мен процестерден алшақтау. Университеттер студенттерге сыни тұрғыдан ойлауға, саяси ақпаратты талдауға және олардың саяси санасын дамыту арқылы олардың саяси белсенділігін қалыптастыруда маңызды рөл атқара алатыны айқындалады.</p>
<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертациялық жұмыста айтылған негізгі міндеттердің бірі – студенттердің саяси әлеуметтенуін салыстырмалы талдау. Студенттердің саяси тәжірибесінің агенттерін анықтау және студенттердің өзін-өзі қабылдауына сәйкес саяси жүйені түсінуге, өзара әрекеттесуге және оған жауап беруге ықпал ететін факторларды талдау. Бұлар студенттердің саяси әлеуметтенуін зерттеумен тікелей байланысты болғандықтан, диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Интернет-технологиялар мен жаңа медианың студенттердің саяси әлеуметтенуіне ықпал ету ерекшеліктері мен демократиялық құндылықтарды дамытудағы азаматтық-саяси белсенділікті талдау осы жұмыстың мақсат-міндеттеріне сәйкес келеді. Осылайша Д.Е.Несипкалиев студенттердің ірі қала жағдайындағы саяси әлеуметтену мәселелерін салыстырмалы талдауда мақсатына жету үшін міндеттерін логикалық түрде құрастыра білген.</p>
<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Ізденушінің ғылыми жұмысы толық аяқталған диссертациялық ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады. Жұмыс кіріспеден, екі тараудан, алты параграфтан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады. Автор жүйелік үлесімділікті сақтаған. Әр тараудың ғылыми нәтижелері ішкі бірлікте баяндалып, нақты тұжырымдармен дәйектелген. Д.Е.Несипкалиев диссертациялық жұмысы құрылымдылық жағынан толық аяқталған теориялық және қолданбалық маңызы бар ғылыми жұмыс ретінде бағалауға болады.</p>
<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Қарастырылып отырған мәселе бойынша автор ұсынған жаңа шешімдер сыни талдау негізінде салыстыра отырып бағаланды.</p>
<p>5. Ғылыми жанашылдық принципі</p>	<p>Алынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа. - Диссертацияның мазмұндық құрамы әртүрлі институционалдық теориялар</p>

<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>мен эмпирикалық зерттеулердің жаңа кеңістігі мен жетістіктерін ашады. Саяси әлеуметтену жастардың қоғам саяси өміріне әлеуметтік қатысуы контекстінде заманауи түсіндіріледі.</p> <p>- Жылдам технологиялық өзгерістер және соның салдарынан ақпарат алу тәсілдерінің өзгеруі, отбасылық өмірдің үлгілерінің өзгеруі, сондай-ақ аймақтық ерекшеліктер, демократияның даму деңгейі, діни бағдарлар, гендерлік теңсіздік проблемасы, өмірлік цикл және ұрпақ теориясы тұрғысынан талдау саяси әлеуметтенуді түсіндіруді дәстүрлі көзқарастан тысқары қарастырған.</p> <p>- Әлеуметтік желілердің дамуы жағдайында саяси әлеуметтену студенттерге ақпараттық кеңістікте сыни ойлау және цифрлық дағдыларды қамтамасыз ету мүмкіндігі тұрғысынан да қарастырылады.</p> <p>- Студенттер арасында саяси әлеуметтену саяси қатысу арқылы жүзеге асатыны, бірақ ол белсенді азаматтық белсенділікке және қоғамдық жұмысқа қарай бағытталғаны анықталады. Диссертациялық зерттеу шеңберінде саяси қатысудың классификациясы жүргізілді, дәстүрлі және оны «балама саясат» ретінде қарастырылатын дәстүрлі емес нысандарға бөледі.</p> <p>- Университеттер тек теориялық білім беретін орталықтар ғана емес, сонымен қатар саяси бақылауға, саяси проблемаларды талдауға және саяси қозғалыстарға қатысуға, әлеуметтік жауапкершілікті өз мойнына алуға және саяси көшбасшылықпен қарым-қатынас жасауға үйрету агенті тұрғысынан талқыланады.</p>
<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Автордың зерттеу жұмысын жүргізу барысында қол жеткізген нәтижелері бір-бірімен өзара байланысқан. Жұмыстың ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары зерттеу нысаны мен пәніне сәйкес келеді, зерттеудің мақсаты мен міндеттері ішкі бірлікке негізделі отырып табысты орындалған. Д.Е. Несипкалиевтің диссертациялық еңбегінде негізінен ағылшын тілдеріндегі еңбектерге талдау жасаған әрбір идеясы мен ойларына нақты сілтемелер келтірген. Сондықтан автордың бұл тақырыптағы ізденістері аясында ұсынған тұжырымдар мен қорытындылардың негізделуі ғылыми әдіснамалар мен әдістерді кеңінен қолдануынан, қажетті тұсында пайдалана білуінен де байқалады.</p>
<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p>	<p>Автор қабылдаған барлық шешімдер жартылай жаңа және негізделген деп санауға болады. Диссертациялық жұмыста ғылыми тұрғыдан сарапталған және ғылыми негізге сүйенген тәжірибелік ұсыныстар жасалған, сондықтан ғылыми зерттеу еңбегінің нәтижелерін студенттер мен жастарды неғұрлым тиімді саяси әлеуметтендіру үшін Қазақстанның білім беру және саясат саласында қолдануға болады.</p>

6.	Негізгі қорытындыларды және негізділігі	3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертацияда әрбір алынған нәтиженің негізділігі мен сенімділігі көптеген автор жүргізген эмпирикалық мәліметтерді өңдеу арқылы дәлелденді. Зерттеудің барлық әдістері қойылған міндеттерге сай келеді. Алынған нәтижелер талқылау мен зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерде бар мәліметтерді ескере отырып жүргізілді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар	Әр қағида бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағида дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	Докторантпен қорғауға бес тұжырым ұсынылды: 1. Саяси әлеуметтенудің теориялық концепциясы саяси және әлеуметтік ғылымдар классиктерін және қазіргі постмодернизм көзқарастарында кездесетін ерекше ағымдарды талқылауға негізделген. 2. «Әлеуметтену» агенттерінің бір-бірінен үстемдігін мойындамай, дәстүрлі отбасы институтындағы замануи өзгерістер, гендерлік, аймақтың, діни бағыттың, өмірлік бағыттың және жаңа медианың ерекшеліктері саяси ақпаратты пайдаланудағы кешенді факторлар екенін дәлелдейді. 3. Цифрлық ұрпақтың саяси әлеуметтенуі Интернетке және жаңа медиа-технологияларға кең қол жеткізумен байланысты өзіндік бірегей сипаттамаларын талдай отырып, осы буынның көпшілігі блогтар, YouTube бейнелері, әлеуметтік желілердегі жазбалар және т.б. түрінде өздерінің мазмұнын жасайтынын және осылайша бұл оларға өздерінің саяси көзқарастарын білдіруге және басқаларға әсер етуге мүмкіндік беретінін көрсетеді. 4. Студенттердің саясатқа қызығушылығы олардың саяси немесе қоғамдық өмірге қатысуының әртүрлі альтернативасы арқылы жүзеге асатынын көрсете отырып, жалпы студенттер өздерін дәстүрлі саяси өмірге, яғни дауыс беру, партия мүшесі болу т.с. арнамайды деп тұжырымдайды. Оның орнына әлеуметтік өзгерістерді ілгерілетуде тиімдірек деп қабылданатын «қоғамдық саясат» деген ұғымын ұсынады, олар экологиялық мәселелер, әртүрлі теңсіздіктерге қарсы тұру немесе тікелей өздеріне қатысты өзекті сұрақтарға қатысты болады. Осы тұрғыдан диссертанттың қағидаты тривиалды емес. 5. Қазақстан студенттерінің университеттік біліміне либералдық құндылықтар мен көзқарастарды енгізуге байланысты қиындықтар мен проблемаларды сипаттайды. Қазақстандағы университеттер саяси білім беру тәжірибесі жағынан да, студенттердің мәдени әртүрлілігі жағынан да әртүрлі, оқыту стратегиялары арқылы қоғамдық сана мен саяси жүйелерді дамыту процесі біркелкі емес. Осы тұрғыдан автор оқу бағдарламалары саяси оқиғаларды интроспекциялауға және саяси жүйелерді түсінуге стандарттық көзқарастардың азаматтық белсенділікті қалыптастыруға ықпал ете қоймайтынын көрсетеді. Оның орнына дәстүрлі сабақтар, емтихандар мен

			<p>оқыту үлгілері студенттердің демократиялық құндылықтары мен бастамаларын тұншықтырады деп тұжырымдайды.</p> <p>Тұтастай алғанда, демократиялық құндылықтарды дамыту және студенттердің Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге қатысуын арттыру үшін білім беру тәсілдері мен оқыту әдістерін өзгерту қажеттігін атап көрсетеді.</p> <p>Зерттеу нәтижелері 8 ғылыми жұмыста көрініс тапты, соның ішінде Scopus мәліметтер базасына кіретін «Journal RIVISTA DI STUDIA DELLA SUSTAINABILITA» атты халықаралық ғылыми басылымда – 1 мақала (процентиль), E3S Web Conf. Халықаралық ғылыми конференция нәтижелері бойынша басылымда 1 мақала және ҚР ҒЖБМ БҒСБК ұсынатын ғылыми басылымдарда – 6 мақала қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде апробациядан өтті.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	<p>Диссертант зерттеудің мақсатына жетіп, міндеттерін орындау үшін аралас әдіс дизайнын қолданған. Біріншіден, дербес құрастырылған сауалнама пайдаланылып, Алматы қаласының ұлттық жоғары оқу орындарының студенттеріне 2022 жылдың 25 қаңтарынан 20 ақпанына дейінгі аралықта сауалнама жүргізілген, сауалнамаға қатысушылар саны 711. Екіншіден, студенттердің елдің саяси мәселелерін қабылдауы, олардың саясатқа қатысуы және университеттік білім берудің студенттердің демократиялық көзқарастарына әсері туралы фокус-топтық пікірталас қолданылған, оған 14 студент қатысқан. Үшіншіден, студент жастардың саяси әлеуметтенуіндегі процестерді сипаттау және түсіндіру үшін зерттелетін проблематиканы қайта талдауды қолдану әдісі қолданылып, бұл жұмыс JSTOR, Google scholar базасынан салыстырмалы зерттеуді, сондай-ақ көпшілікке қол жетімді басылымдарды талдау арқылы жасалған.</p>
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін пайдалану арқылы және деректерді өңдеу әдістемелерін статистикалық өңдеуге арналған компьютерлік бағдарламаны қолдана отырып алынды. Сандық зерттеу әдісінде компьютерлік технологиялар пайдаланды. Мәліметтер базасын өңдеу кезінде IBM SPSS Statistics 26 бағдарламасын қолданған.</p>
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін	<p>Зерттеу жұмысы саяси әлеуметтену процессінің теориялық тұжырымдамаларын терең жан-жақты талдауға негізделген. Теориялық талдаудан алынған, өзара байланыста және заңдылықтарда анықталған барлық қорытындылар дәлелденген және эмпирикалық зерттеулермен расталған. Зерттеудің тәжірибелік бөлімінде жетекші ұлттық университеттер студенттері арасында</p>

	<p>нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>автордың өзі жүргізген екі әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелері қолданылды.</p> <p>Диссертациялық жұмыстағы маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді әдебиеттерге тиісті сілтемелер арқылы расталады.</p> <p>Ізденуші зерттеу жұмысында 204 әдебиетке сілтеме жасаған. Диссертант пайдаланатын әдебит көздері өзекті және зерттеу тақырыбын ашады, бұл мәселе бойынша әртүрлі көзқарастарды, зерттеу әдіснамасын салыстыруға жағдай тудырады. Пайдаланған дереккөздік базасын мұрағат қорларының материалдары, құжаттар жинақтары, сьездердің қарарлары мен қаулылары, ҚР мемлекеттік заңнамасының актілері, статистикалық материалдар, отандық және шетелдік авторлардың ғылыми еңбектері, мерзімді ғылыми басылым материалдары, интернет-ресурстар, мемуарлық еңбектер, анықтамалық сипаттағы материалдар мен энциклопедиялар құрайды.</p>
<p>9</p> <p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысының тақырыбы әлемдік және шет елдік ғылымда бұрыннан зерделеніп келе жатқандығын атауға болады.</p> <p>Алайда қазіргі қазақстандық студент жастардың саяси әлеуметтенуі, оның замануи агенттері, университеттердің рөлін модельдеу алғаш рет терең зерттелінуі және әлемдік трендтермен салыстырмалы сарапталуы ғылыми тұрғыда үлкен жаңалығы бар көлемді еңбек ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар осы ғылыми еңбектің ең басты ғылыми-теориялық жаңалығы мен маңыздылығы ретінде докторанттың аталмыш салалардағы шетелдік және отандық ғылыми түсініктердің ерекшеліктерін ажыратып бергендігін айтуға болады.</p> <p>Зерттеулер нәтижесінде дайындалған практикалық мәні бар және мемлекеттік саясат саласындағы бағыттарды, жоғары білімдегі оқу бағдарламаларын тұрақты саяси көзқарастар мен сыни бағалауды жетілдіру үшін тиімді шешімдер қабылдауға болады.</p> <p>Осы диссертациялық еңбекте алынған нәтижелер мен практикаға арналған ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Себебі оларды практиканың барлық деңгейлерінде пайдалануға болады.</p>

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Несипкалиев Даурен Еренгалиевичтің зерттеу жұмысының академиялық жазу сапасын жоғары бағалаймын. Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сай келеді. Жұмыстың мәтіні логикаға сай құрастырылған. Диссертация құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.
-----	---------------------------	--	--

Жастардың саяси әлеуметтенуі белсенді зерттеу нысаны болып қала беретіні анық, сондықтан бұл бағыттағы көптеген сұрақтар әлі де осы зерттеу шеңберінен тыс қалып отырғаны анық. Мысалы, жаңа медиа мен әлеуметтік желілердің әсерін зерттей отырып, диссертант студенттердің саяси әлеуметтенуінде әртүрлі әлеуметтік медиа платформаларының қайсысы тиімдірек екенін нақты анықтап көрсетпеген. Яғни, ақпараттық экологияның қандай ерекшеліктері саяси көзқарастардың қалыптасуына әсер етеді? Бұл мәселе бойынша деректер түпкілікті емес екенін атап өтеміз. Сонымен қоса, халықаралық жаңалықтар, жаһандық үрдістер, халықаралық қозғалыстар сияқты сыртқы факторлар жастардың саяси әлеуметтенуіне және олардың әлемдік оқиғаларға көзқарасына қалай әсер етеді? Осы факторлар да диссертация мәтініне қосылса, салыстырмалы зерттеу ауқымды болар еді. Дегенмен, бұл сұрақтардың ашылмауы жалпы диссертацияның құндылығын төмендетпейді.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келіп, Несипкалиев Даурен Еренгалиевичтің «Студент жастардың саяси әлеуметтенуі: ірі қала жағдайындағы салыстырмалы талдау» тақырыбында жазылған диссертациясы ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар, орындалуы жағынан ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті талаптарына сай, «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарға толығымен сәйкес келеді. Сол себепті Несипкалиев Даурен Еренгалиевич «6D050100 – Әлеуметтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толығымен лайық деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**  
**Әлеуметтанулық ғылымдар кандидаты (PhD),**  
**Нархоз университеті,**  
**Гуманитарлық мектеп профессоры**

**М. Маульшариф**

